



Халел
Досмұхамедұлы
танымалы
избранное

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ — ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ХАЛЕЛ ДОСМУХАМЕДҰЛЫ ҚОРЫ
РЕПРЕССИЯҒА ҰШЫРАҒАН ҚАЗАҚСТАН
ЗИЯЛЫЛАРЫНЫң
МҰРАСЫН ЗЕРТТЕЙТИН „АРЫС“ ҚОРЫ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ — АКАДЕМИЯ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ФОНД ХАЛЕЛА ДОСМУХАМЕДҰЛЫ
ФОНД ИЗУЧЕНИЯ НАСЛЕДИЯ
РЕПРЕССИРОВАННОЙ
ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ КАЗАХСТАНА „АРЫС“**

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі — Ғылым академиясының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының Ғылыми кеңестерінде ұсынылды.

Рекомендованы Учеными советами Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова и Института языкоznания им. А. Байтурсынова Министерства науки—Академии наук РК.

Халел Досмухамеулы

избранное



**Научные статьи по истории,
казахскому языку и литературе,
медицине, биологии, при-
родоведению, а также отрыв-
ки из учебников**

**АЛМАТЫ
„АНА ТІЛІ“
1998**

Халел

Досмұхамедұлы

Дағран Халел

таңғамалы



Қазақ тарихы, әдебиеті мен
тілі, медицина, биология, та-
бигаттану салаларына қатыс-
ты зерттеу мақалалары және
оқулықтарынан үзінділер

АЛМАТЫ
„АНА ТІЛІ“
1998

Редакциялық, алқа — Р. Ф. Сыздықова (бас редактор).

Редакциялық, алқа мүшелері: Ш. Ш. Сарыбаев, К. Нұрпейісов, М. К. Қозыбаев, Б. Қабиғожин, Д. Е. Әбдірахимова, Ф. К. Әнес, А. Мектепов, Р. Әлмұханова.

Құрастырған: Фарифолла ӘНЕС.

Редакционная коллегия — Р. Г. Сыздыкова (глав. редактор).

Члены редколлегии: Ш. Ш. Сарыбаев, К. Нурпейисов, М. К. Козыбаев, Б. Кабиғожин, Д. Е. Абдрахимова, Г. К. Анес, А. Мектепов, Р. Альмуханова.

Составитель: Гарифолла АНЕС.

Д—64 **Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). — Алматы: Ана тілі, 1998. — 384 бет.**

ISBN 5-630-00287-2

421211

Кітапқа XX ғасырдың басындағы қазақ демократияшыл зиялышлары шоғырының, жарық, жұлдыздарының, бірі — профессор Халел Досмұхамедұлының (1883—1939) ғылыми еңбектері топтастырылып отыр. Ол көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғұламағалым, Қазақстан мен Түркістандағы ғылым, оқу-ағарту және деңсаулық сақтау салаларының іскер үйімдастырушысы еді. Өкінішке орай, ол да 1930-шы жылдардағы саяси күғын-сургіннің құрбаны болды.

Х. Досмұхамедұлының қаламынан туған құнды еңбектері түпнұсқа негізінде (қазақ және орыс тілдерінде) араға жетпіс жылдан астам уақыт салып, Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы оқушылармен қайта табысып отыр.

В книге опубликованы научные труды профессора Халела Досмухамедулы (1883—1939) — одного из ярких представителей казахской демократической интеллигенции начала XX века. Он был видным государственным и общественным деятелем, ученым энциклопедического склада, талантливым организатором науки, образования и практического здравоохранения в Казахстане и Туркестане. Х. Досмухамедулы стал жертвой политических репрессий 30-х годов.

В Год народного единства и национальной истории читатели, интересующиеся культурой и историей казахского народа, имеют возможность ознакомиться с исследованиями ученого в различных областях знания. Труды печатаются в оригинале на казахском и русском языках.

А 5000000000 — 17 Күлақтандырусыз — 98
415(05) — 98

ББК 63.3 (5 каз)

ISBN 5-630-00287-2

© Х. Досмұхамедулы
„Ана тілі”, 1998.



Есімі мен еселі еңбегі халқымызға қайтып оралған қайран Халел

Устіміздегі XX ғасырдың 30-шы жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың, занұдлықтың бүзудың кінәсіз құрбаны болып жазықсыз жазаға ұшырап, кейін ақталған қазақ интеллигентиясының қыруар қайраткерлері қатарындағы ірі тұлғалардың бірі — аса қөрнекті мемлекет, қоғам және саясат қайраткері, үлкен ғалым профессор Халел Досмұхamedұлы. Ол тағдырдың талқысына түсіп, қасиет шегіп, арманда кеткен Азамат. Жеті жылдан астам құғынға ұшырап, қамауға түсіп, „халық жауы“ деген айыпталып, елу жасында Ішкі істер халық комиссариатының (НКВД) әскери трибуналының үкімімен жазықсыз атылып, содан 20 жыл өткен соң ғана „ақталған“ Халекеңнің есімі мен мұрасы енді міне халқымыздың рухани қазынасына оралып отыр — осыған да шүкіршілік.

Халел Досмұхamedұлы — қысқа өмірінде қыруар іс тындырып, көп еңбек жасап үлгерген адам. Қазіргі заманымыздығы қалың оқырман қауым X. Досмұхамедұлының 1991-ші жылдан бері жарық, қөрген біренсааран шығармалары мен „Санат“ кітап баспасы шығарған „Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы“ деген басылыммен ғана таныс. Сондықтан Халекеңнің бізге аманат ретінде қалдырған негізгі тұлымы және әдеби мұрасымен молырақ, толығырақ, танысуымыздың кезеңі әлі алда. Оның да алғашқы сәті түскендей. Мына жинақ болса соның айқын дәлелі.

Өзіне табиғат аямай берген дарынды терең біліммен толықтырып, ана тілімізге қоса латын, араб, парсы, түрік, орыс, неміс және француз тілдерін қажетті дәрежеде меңгеріп, сол тілдерде еркін оқып, сейлеп, жаза білген X. Досмұхамедұлы көзінің тірі кезінде алдына жан салмас гажайып лингвист, фольклорист, тарихшы-этнограф, аудармашы болған. Жан-жақты, көл-көсір әмбебап білімінің арқасында ол биология, зоология, медицина салаларына да көп еңбек қосқан ғалым. Халекең өзі жазған „Табиғат тану“, „Адамның тән тірлігі“, „Жануарлар“, „Оқушылардың саулығын сақтау“ деген еңбектерімен қатар Ю. Вагнердің „Дене бітімі мен оның жұмысы туралы әңгімелерін“, „Өсімдіктердің жаратылысы мен тіршілігі туралы әңгімелерін“ қазақ тіліне аударып жарықта шығарғанының өзі неге тұрады?! Ал енді бір сәт Халекеңнің әдеби саламызға қосқан қомақты үлесіне қайтып тоқталатын болсақ, онда да сан алуан тындырымның күәгері боламыз: „Аламан“ — қазақтың ел әдебиетінен алынған сөздер жинағы; „Исатай-Махамбет“ — Махамбет батыр жырларының алғашқы басылымы; „Қазақ-қыргыз тілдеріндегі сингармонизм заңы“ атты жинағы; „Шернияз шешен“, „Алаш“ не сөз?“, „Бұхарадағы Көгілташ медресесін салу туралы әпсана“, „Самарқан қаласындағы Тіллә-Қары мен Ширдор медреселерін салғызын Жалаңтөс батыр шежіресі“, „Диуани лұғат ат-турк“, „Кенесарының соңғы күндөрі“ атты зерттеулері және басқа да көптеген туындыларын атамауға болмайды, әрине. Халекеңнің „Құтадғу білік“, „Жамиғат-тауарих“, „Кодекс Куманикус“, „Китаб ал-инсаб“, „Саясатнаме“, „Ки-

таб ал-идракы”, „Гулстан” сияқты тарихи ескерткіштер туралы кеңінен сөз етуі тағы бар.

Қазақ-қырғыз комиссиясының төрағасы Халел Досмұхамедұлының шақырымен Мағжан Жұмабайұлы, Мұхамеджан Тынышпайұлы, Жүсілбек Аймауытұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Әбубекір Диваев, Мұхтар Омарханұлы Әуезовтер педагогика, тарих, психология, арифметика, әдебиет пәндерінің оқулықтарын жазғандары да тарихта бар ақиқат. Мәдениет қайраткері ретінде Х. Досмұхамедұлы Ташкенде жүрген кезінде мемлекеттік ғылыми кеңестің жанынан „Талап” қауымын құрып, ұлттық мәдениетімізді өркендетуге қомақты үлес қосқаны да үмытылmas оқиға. Халекенің басқа ұлтты дарабоздармен достас, қызметтес, сырлас байланыста болған да әдебиетіміз бен мәдениетімізге көп әсер еткені мәлім. Мысалы, 35 ұлт пен ұлыстың тілін білген ғұлама ғалым Евгений Дмитриевич Поливановтың „Грамматика казахского языка”, „Казах-найманский говор”, „Казахский язык среди языков мира” деген еңбектерінің дүниеге келуіне Х. Досмұхамедұлының тікелей әсер еткені сөзсіз.

Бергенінен берері мол, халқымыздың аяулы перзенті, мемлекет, қоғам және саясат қайраткері, біртуар тұлға Халел Досмұхамедұлының зорлықпен өткен өмірі енді артында қалдырыған алтын мұрасымен жалғаса бермек. Оның еңбектерін байымдап оқыған қауым Халекенің тірі жүрген біз үшін кім екенін терең ұтынады, марқұмның орны мен ролін айқын түсіне алады. Асыл ағамыз Халелдің еселі еңбектері жаңа қоғамымыздың, қазіргі және болашақ үрпақтарымыздың рухани өсіп-өнүіне, дамуына ықпал еттері айдан анық қағида. Көп еңбектерінің бірінде Халекен: „Бұл дүниеде тұрлі данышпандар, шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар көп өткен. Осындай адамдар өзіміздің қазақтың арасында да аз болмаған. Өз жұртына жұмыс қылыш, еңбегі сіңген адамдарды қадірлеу — елдіктің білгісі”, — деген екен. Ендеше, егеменді Ел, тәуелсіз Мемлекет болған дәүірімізде Елімізге, Халқымызга еңбегі сіңген, қаны мен жанын аямаған Халел Досмұхамедұлы сияқты Ерлерімізді есke^N алайық, есте сақтайық, қастерлейік, біле білейік. Іләйім, ендігі өмірімізде әрқашан тек солай болғай!

Әбіш КЕКІЛАЙҰЛЫ

Қазақстан Халық жазушысы,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы мен Қазақстан Республикасы Президентінің Бейбітшілік және рухани татуластық сыйлығының лауреаты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНАН

Ұстіміздегі ғасырдың 10—20-жылдарында халқына қалтқысыз қызмет еткен „алыптар тобының“ көрнекті өкілі, қазақ елінің тәуелсіздігі жолында курсес майданына шыққан „Алаш“ қозғалысының көшбастарларының бірі, жан-жақты ғұламағалым, ірі үстаз, белгілі ағартушы, қоғам қайраткері Халел Досмұхамедұлы артына мол мұра қалдырган.

Х. Досмұхамедұлы мамандығы дәрігер бола тұрып тек медицина, гигиена салалары бойынша ғана емес, жалпы табиғаттану, анатомия, физиология, зоология, ботаника, тіл, әдебиет, тарих білім-ғылымдары бойынша да көлемді-көлемді кітаптар мен ірілі-ұсақты мақалалар жариялған. Бұлардың бірқатары табиғаттану, анатомия, физиология, зоология пәндерінен мектеп оқушылары мен институттардың шәкірттеріне арналған қазақ тіліндегі тұңғыш төл оқулықтар болып келеді. Бір ғана „Жануарлар“ деген кітабы үш бөлімге бөлініп, әрқайсысы 200—300 беттік үш кітап болып, 1922—1928 жылдарда ең кемі екі реттен басылып шыққан. Атақты жаратылыстанушы ғалым Ю. Вагнердің анатомия мен ботаника тақырыптарына арналған „Рассказы о том, как устроено и работает наше тело“ (1924) және „Рассказы о том, как живут и устроены растения“ (1924) деген танымдық еңбектерін қазақшаға аударған. Бұлардың барлығын түтег қайта жариялайтын болсақ, бұл ұсынылып отырған кітапқа сыймас еді, сондықтан көрсетілген басылымдардың әрқайсысынан 20—30 беттік үзінділер ғана берілді. Үзінділер бүтінгі оқырманға ұстіміздегі ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ, әдеби тілінің лексика-грамматикалық нормасынан, қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтардың жазылу үлгілерінен, яғни ғалымның баяндау стилінен, сол кезеңдегі ғылыми терминдердің түрлері мен қолданысынан хабар беру үшін ұсынылып отыр.

Кітап Досмұхамедұлының таңдамалы шығармаларының бір томдығы болғандықтан, ғалымның қаламынан шыққан еңбектер қай тілде жазылған болса, сол тілдегі нұсқасы ғана берілді. „Казахская народная литература“ атты очеркі орыс тілінде жазылған болатын, оның қазақша аудармасы „Ана тіл“ баспасынан „Аламан“ деген атпен 1991 жылы жарық, көрген жинақта берілгенімен, біз бұл кітапта тек орыс тіліндегі түпнұсқасын ұсындық. Сол сияқты „Как бороться с чумой среди киргизского населения“ деген атпен Ташкентте орыс тілінде 1924 жылы жеке кітап болып шыққан едәуір көлемді еңбегі де толықымен сол қалпында қайта жарияланып отыр.

Осы екі көлемді материал мен „Легенда о постройке медресе Когель-таш в Бухаре“, „Родословия Жалантус Батыра...“ деген атпен орыс тілінде жазылған бір-екі мақаласынан басқа мақалалары мен оқулықтары және аудармалары 1913—1928 жылдар арасында қазақ тілінде араб жазуымен жарық, көргендер. Олар да ешбір өзгеріссіз, тек қазіргі графикаға

көшіріліп басылып отыр. Араб жазуынан казіргі жазуға көшірілген кезде оқырмандарға ескертетін мынадай сәттері бар.

1. 1929 жылға дейінгі араб жазуымен басылған қазақ мәтіндерінде (текстерінде) „п“ әрпінің орына жазылып келген „б“ әрпі (мысалы, *барыб, келіб, кембеді, айтбады, құлақ бен, тас бен* деген сияқты жерлерде) „п“-ға ауыстырылды, сол сияқты қазақ тілінің қатаң не үзің болып біркелкі келетін дыбыс заңдарын сақтап, арабша жазудағы құлақда, сандықда деп жазылған тұстар қазіргі емлемізге түсіріліп, құлақта, сандықта деген тәрізді бірыңғай қатаң дыбыстар үйлесімімен жазылды.

2. Араб жазуының емлесі бойынша жарты дауысты „у“, „й“ дыбыстарының жуан, жінішке түрлері „үү/үү“, „ый/ій“ болып екі таңбамен берілген тұстары да қазіргі емлемізге сәйкестендіріліп, жалаң „у“ және жалаң „и“ әрітерімен жазылды.

3. Араб таңбалы мәтіндерінде „йа“, „йу“ әрітерімен келетін тұстар „я“, „ю“ таңбаларына көшірілді (мысалы: *тайалып қалды — таялып қалды, жойура — жоюға*).

4. Бұл күнде біріккен сөз болып қосылып жазылып жүрген адам, жерсу атаулары араб жазуымен әр қалай: бірде екі түбір бөлек-бөлек, бірде сзызықшамен, енді бірде қосылып жазылған болса, біз бұл басылымда көбінесе қазіргі ереже бойынша біріктіріп жаздық. Ал араб жазуымен едәүір өзгеріліп жазылған шет жүрттық, адамдардың аты-жөндері мен жер-су аттары кей тұстарда (әсіресе танымал есімдер) қазіргі жазылыш жүрген түрінде берілді (мысалы, *Raglov, Bartolys, Wagner, Нью-Йорк т.т.*)

5. „Х“, „ф“ әрітері араб таңбалы қазақ жазуы жүйесінен бірде шығып қалып, бірде қайта еніп отырған. Бұл ретте түпнұсқада сөздер қалай жазылса, солай көшірілді, соңдықтан тіпті автордың аты-жөні бір жерлерде *Халел Досмұхамедұлы*, екінші бір жерлерде *Қалел Досмұқаметұлы* деп жазылғанын көреміз. Сол сияқты бір материалдарда *хәріф, хата, хаз*, енді біреуінде қарып, әріп, қата, қаз тұлғасында жазылған болса, сол тұлғаларда қалдырылды.

6. Орыс, араб, парсы тілдерінен енген сөздер, олардың ішінде интернационалдық терминдер де араб жазулы мәтінде қалай таңбаланған болса, солай көшірілді, тек бірен-саран тұстарда ғана сөз не мұлде түсініксіз, не басқа мағынаға ие болып кететін болса, сәл „түзетілді“ (мысалы, *азот* деген сөз бірер мақалада *азат* болып жазылған, оны *азот* деп бердік). Ал жалпы кірме терминдердің адам танығысыз болып өзгеріп жазылғандарына қарамастан, сол кезеңдегі қазақ тілінің шет тіл сөздерін жазу, дыбысташу (қабылдау) нормасын көрсету мақсатымен, оларды қазіргі жазылу түрлеріне түсірмей бердік. Мысалы: *әртір, пілеуір, бұранық, әлбиел, неріб* деп жазылғандар — *артерия, плевра, бронх, альвеол, нерв* деген кірме сөздердің сол кезеңдегі тұлғаланулары. Ал енді бірқатар терминдердің қазіргіге жуық жазылғаны да байқалады (мысалы, *минерал, малахит, руда, бронза, химия* сияқты сөздер араб әрітерімен осы түрлеріне мейлінше жуық етіп жазылған). Сол кезеңнің мұндай нормасын да сақтадық.

7. Осы күнгі емле ережелеріміз бойынша түбірге қосылып жазылатын көмектес септік жалғауы бұрыннықта бөлек жазылған, бұлар қазіргі емлеке бағындырылды. Кейбір біріккен сөздер бөлек не дефис арқылы жазылған күйінде қалдырылды (мысалы, *бір қатар, еш қашан, бір аз, әр кім, кун батыс, кун шығыс, тамыр дәрі, сары шұнақ, қос аяқ, тамыр-аяқ т. б.*). Бұл жерде де біз ана тіліміздің лексикалық нормалану кезеңдерін көрсету мақсатын көзdedік. Осы мақсатқа бірде әуе, мәшине, енді бірде ауа, машина деп жазылған түрін сақтау да бағындырылды.

8. 10—20-жылдардағы қазақ емле ережелері бойынша есімшешінің -тын/-тін жүрнағы -тұн/-тұн түрінде жазылатын болған (баратұн, келетүн), сол сияқты жіктік жалғауының 2-жағының тұлғасы -сын (сен барасын) түрінде жазылған болса, біз бұл қосымшаның да осы құнгі жазылу емлесін ұстандық (сен барасын, баратын, келетін).

9. Жазылғанды бүтінгі оқырманның түсініп оқуына мүмкіндік туғызу мақсатымен тыңыс белгілерін көбінесе өзіміз қойып отырдық, әсіресе бастауыш пен баяндауыштың арасында келетін сзызықшалар, бірыңғай мушелердің арасындағы үтірлер тиісті жерлерінде қойылып отырылды.

10. Ұстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдықтарында, қазақтың білім-ғылым тілінің, публицистикасының стильдері күрт қалыптасып, қауырт дами бастаған түсінінде, тіліміздің лексика-грамматикалық нормалары бірден дәл бүтінгі қалыпта болмағаны аян. Мысалы, бұл күнде *дәреже*, *және*, *сурет*, *үкімет*, *қадір*, *қазір*, *әріп*, *кітап*, *мағына*, *мақсат* жиналыс, *ғасыр*, *уылдырық* сияқты тұлғаларда қалыптасып қолданылып жүрген сөздер Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бекейханұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы және сол түстегі басқалардың тілдерінде *даража*, *жана*, *сүтірет*, *хүкімет*, *кәдір* не *қадыр*, *хазыр* не *қазыр*, *хәріф*, *қарып*, *әріп*, *кітеп*, *мағана*, *мақсұт*, *жыныс*, *әсір*, *үйлірік* болып қолданылған. Сол кезеңнің бұл нормасын да сақтау қажеттігі даусыз.

11. Халел Домұхамедұлының қолданысында кездесетін бірқатар сөздер бүтінгі қазақ әдеби тілі нормасынан қарағанда, шектеулі өңірдеғана жұмысалатын жергілікті ерекшеліктер болып келеді. Мысалы, *бәс*, *өнемейін*, *жаңғыз*, *өзге*, *шылғы*, *насте*, *даттану*, *жар* тәрізді сөздер — *бага*, *унемі*, *әрқашан*, *жалғыз*, *өзге*, *туғел*, *нәрсе*, *тоттану*, *қабырға* деп түсініп оқу керектігін ескертеміз.

12. Тіл білімі терминдерінің де бірқатары қазіргі қолданып жүргендерден өзгеше болып келген. Мысалы, *білік* *рай*, *емістіктің* *тұқылы*, *унемді* *көсемше*, *ниетті* *көсемше*, *үйарынды* *есімше*, *сөздің* *басуы* (екпіні дегеннің орнына), *наху*, *сарф* т. т. Бұлар да сол күйінде қалдырылды.

13. X. Досмұхамедұлының еңбектеріндегі ғылыми жаңа (жасанды) терминдердің бірен-саралы енді қалыптасу процесінде болғандықтан, екі түрлі жазылғаны байқалады. Мысалы, осы құнгі *оттегі* деген термин бірде қышқылтум, енді бір жерлерде қышқылтум деп жазылған. Мұндай вариантарды да қате деп түсінбеу керек.

Бұл көрсетілген ескертпелерді әдейі жасап отырган себебіміз — өткендегі, тіпті күні кешегі жазба мұраларымыздың тіліне, авторлардың баяндау стиліне, сөз қолдану үрдісіне „қол сұқпау”, яғни қажетсіз редакцияламау, өзімізше түзетпеу принципін ұстану болды. Ұсынылып отырган кітап — мұра. Мұраға қиянат жасалмауы қажет.

Бұл басылымдағы оқулықтар мен аудармаларда түпнұсқадағы суреттер берілген жоқ, әйткені ұсынылып отырган кітапта Халел Досмұхамедұлы қалдырыған мұраның мәтінімен (тексімен) және ғалымның стилімен таныстыру көзделгендіктен, суреттерді қайтадан жасап әрі орын алдырып жатуды жөн көрмедік.

Бұл „Таңдамалы“ жинаққа енген X. Досмұхамедұлының қаламынан тұган дүние білім-ғылымның 4—5 саласына қатысты болғандықтан, олар топтастырылып, „Тарих“, „Әдебиет“, „Тіл“, „Медицина, гигиена және биология“, „Табиғаттану“ деген тарауларға бөлініп ұсынылды.

Материалдарды кітапханалардан, архивтерден, жеке адамдардан жинап, араб әрпімен жарияланғандарын қазіргі жазуға көшіргендер F. Энес, Р. Әлмұханова, А. Мектепов. Чума туралы орыс тіліндегі кітапты осы ба-

сылымға дайындаған — Б. Қабиғожин, орыс тіліндегі басқа материалдарды дайындаған — Д. Әбдірахимова. Х. Досмұхамедұлының қызметі мен өміріне қатысты кейбір құжаттар мен өзге де материалдарды іздең-тауып, түсініктерін жазған — К. Нұрпейісов. Фалымның өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдерін көрсеткен — Д. Әбдірахимова. Халел Досмұхамедұлының қаламынан шыққан, әзірге белгілі еңбектерінің хронологиялық көрсеткішін (библиографиясын) тұзгендер — Ш. Сарыбаев пен F. Энес.